

## **"Қазақстан халқының рухани даму қоры" акционерлік қоғамын тарату туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 24 ақпандағы № 90 қаулысы.

"Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан халқының рухани даму қоры" акционерлік қоғамы таратылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған "Қазақстан халқының рухани даму қоры" акционерлік қоғамының мүлкін "Қазақ әуендері" акционерлік қоғамының теңгеріміне берсін.

3. Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1 және 2-тармақтарынан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

5. "Қазақстан халқының рухани даму қоры" акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы № 1226 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Б. Сағынтаев*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2017 жылғы 24 ақпандағы  
№ 90 қаулысымен  
бекітілген

## **Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне**

### **енгізілетін өзгерістер**

1. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі № 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж., № 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен қатысудың мемлекеттік үлестері республикалық меншікте қалатын акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктерінің тізбесінде:

"Астана қаласы" деген бөлімдегі реттік нөмірі 21-95-жол алып тасталсын.

2. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында:

иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігіне" деген бөлімдегі реттік нөмірі 224-33-жол алып тасталсын.

**3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.10.2023 № 865 қаулысымен.**